

**Рахымов, Б.**

**Ғасыр ғұламасы / Б. Рахымов // Жастар әлемі. - 2005. - 22 сәуір.**

*- Е. А. Бөкетовтің негізгі мамандығы химия саласы. Және ғылымдағы ірі табыстарының көпшілігін осы химия ғылымына қосқан үлесі үшін алған. Мен дара жаратылған, кең жүректі дарын иесінің өнерге деген ыстық ықыласы турасында бір үзік әңгіме қозғай отырайын. Әлқиссасын неден бастасам екен?.. Ал, тыңдаңыз... Уақыт шіркін зулап өте шығыпты-ау! - деп филология ғылымдарының докторы, профессор, қазақ ауыз әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Берік Рахымов өткен күндерге шегініс жасағанды.*

**Есімде ғой сол бір кез!** Иә, ол күндерді қалайша ұмытпақпын?! Бәрі жадымда сақталған. ...Бүгінгі Е. А. Бөкетов атындағы университетте бір көздері өнерге ынтық жандардың басын қосқан «Балауса» атты үйірме болған еді. Сол үйірме жұмыстарының басы-қасында академик, университет ректоры Е. А. Бөкетов жүріп, барша өнерлі жасқа қолдау көрсеткен десек, бүгін біреу сеніп, енді бірі «ертегінді тоқтатсаң қалай болар еді» дер. Бірақ Евекең көзден ғайып болғанымен, оның өлең оқытып, содан рухани ләззат ала тамсанып, таңырқап отыратын жарқын бейнесі санамызда жанғырып мәңгілікке қалды... Студенттік шақ. Зиялы қауым өкілдерімен жиі өтетін шығармашылық кештер. Маған сол жылдар естен кетпес кездесулерімен қымбат. Бірде, қазіргі Гоголь көшесі бойындағы университет ғимаратында жазушы О. Бөкеевпен кездесу кеші өтті. Оралханның жазушылық қыр-сыры, көркем әдебиеттегі тың жоспарлары жайлы біраз жайға қаныққан біз қызықтырған сұрақтарға жауап алуға тырыстық. Бұл ұмтылысымызға Евней Арыстанұлы қуанған еді-ау!.. Кеш соңында бүгінде танымал ақын Ғалым Жайлыбаевтан бастап, бірнеше жасқа өлең оқытты. Осы күні жазушы-ақын қасында қаумалап басшылардың жүретінін көзіміз керуде. Ал біз өнер саңлақтарымен жиі араласып, пікір алмастыру бақытына ие болған жандармыз. Өйткені Евекең зиялылар өмірі, шығармашылығымен жақын танысуымызға жол ашып бергенді.

Екінші курста оқып жүргенде университетте хор, би, ұлттық оркестр үйірмелері жұмыс істеді. Нәтижесінде тамаша талай өнерлі жастар танылып, сахнаға шықты. Хор, домбыра үйірмесіне қатысатын студенттер сахнада дайындық жүргізгенде кең залдың бос тұрған орындарының біріне жайғасқан ректордың тындап отыратынын жиі көретін едік. ...Осылайша арада жылжып үш-төрт ай өтті. Бір күні Е. А. Бөкетов үйірмелердің барлығын біріктіріп, студент-жастардың ансамблін құрсақ деген ұсыныс айтты. Біз қуанып, бір ауыздан қабыл алдық. Университет жастарының ансамбліне қандай атау лайық?! Әркім өзіне ұнаған атты көпшілік талқысына тастады. Бір кезде Евекең: «Сіздердің тамаша кездеріңіз студенттік шақ емес пе? Студенттік өмірдің бәрі жастық күндердің естелігі екені анық. Ендеше неге «Жас дәурен» деген есімді қоймаймыз?»- деп баршаға барлай қарады. Әп-сәтте

барлық жас келісе кетті. Сөйтіп аталмыш жас ансамбль Қараганды облысының аудандарын аралап, өнер көрсетіп, ел-жұрттың алғыс-ризашылығын алды. Және біз, барша өнерлі жас Қарқаралыдағы ҚарМУ-дің демалыс орны - сұлу табиғат аясында тынығып, «Сахарада тынысыңыз бір түрлі кеңейіп, ой-өрісіңіз де қанат жаза түседі, онда етек жеңінді кеңге салып, емін-еркін жүресіз...» деп Ш Уәлиханов бейнелегендей ерекше күйге бөлендік. Ректордың тікелей араласуымен музыкалық аспаптар, ұлттық киімдерге қол жеткіздік. Міне, осының бәрі біз көрген Евекеңнін естен кетпейтін игі істері!

**Әдебиет жанашыры еді.** Химия ғылымы ғұламасының жалпы өнерге, оның ішінде әдебиетке жақындығын бүкіл қазақ елі біледі. «...Евнейді Евней еткен көркем әдебиет» деген академик З.Қабдоловтың сөзі соның айғағы. Бізге ол кісі аударма жасап және Қаныш Сәтпаев туралы көлемді роман жазып жүргенін айтқанын. Шыққан кітаптарының алдын да оқыдық. Осы шағын естен кетпес естелікті шертіп отырған маған Евекең: «Аударма бойынша еңбектеніп, ғылыми жұмыс жаз» деп еді. Алайда, ойға алған абзал ағаның тілегі орындалмады. Біз төртінші курсқа өткенде Е. А. Бөкетов аяқасты басқа жұмысқа ауыстырылды. Неге олай болғанын құлақ естігенмен, көңіл сенбеді. Бүкіл студенттер қауымы аң-таң...

**Рухы биік азамат.** Адам баласын сөйлеген сөзі мен жүріс-тұрысынан танытын Евней Бөкетовтей тектілердің сирек туатыны - табиғи заңдылық ғой. Ұлы жазушы В. Скотт: «Ұлы адамды оның қатесіне қарап емес, басты істеріне қарап бағалау керек» депті. Бірақ, ұлтым деген ұлыларға теріс қараған төңкерісшіл заман не істемеді?! Шындығында Евекең ұлтжанды аптал азаматтын. Қазақ рухы алпамсадай тұлғасынан танылып тұратынды. Оның университеттегі кездесуден кейін О. Сүлейменовты өзінің қара волгасына мінгізіп жіберіп, машина ішінде жұрт сыйлаған гүлге оранған ақынға қол бұлғап тұрып, «Шіркін, ерім-ай! Еліңе сендей елу ер азамат керек-ақ!» деп аһ ұрған үні күні бүгінге шейін құлақтан кетпейді. Шығарып салған сандаған адамдардың алдында, осы сөзін Евней Арыстанұлы қазақтың қасиетті тілімен айтып еді.

Ең соңғы рет Евекеңді мен троллейбуста көрдім. Жұрт бұған да сенбес. Кәдімгі «Михайловка-Вокзал» аралығына қатынайтын төртінші номерлі троллейбустан. Евекең он жақ қатардағы бесінші орындықта отыр. Тым терен ойға берілген. Совет проспектісінің бойынан түсіп қалды. Мен болсам карай-карай кете бардым. Көзден жас шыққан жоқ. Тек жүрек ғана шыдамсыздық танытты...

P.S. Маздаған ой құшағынан арылмаған шәкірт асыл жүректі ұстаз тұрасында әлі айта бергісі келеді. Қандай жарасымдылық! Өзгеге үлгі болар өнеге! Е. Бөкетовтей жан-дүниесі бай тұлғадан тәлім-тәрбие алып, ақыл-кенесін тыңдаған Берік Рахымов бақытты студенттің бірі екен.